**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Бөбек»б/балабақшасы
**Топ** «Көгершін» Аралас тобы
**Балалардың жасы 4-5,5-6** жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 09-13 қыркүйек 2024 жыл
Тәрбиешілер: Сарниязова.З.Х.
Тунгатарова Р.Б.,

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 09.09.2024 ж | Сейсенбі 10.09.2024ж | Сәрсенбі 11.09.2024 ж | Бейсенбі 12.09.2024 ж | Жұма 13.09.2024 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>Балабақшаға саяхат<br>**Сюжеттік ойын:** «Менің балабақшам»<br>**Міндеті:** Балаларға «Балабақша» туралы түсінік беру олардың үлкенді сыйлауға үйрету, қызметкерлердің жұмысымен таныстыру.<br>**(Қоршаған ортамен танысу)** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>Әнұран айту<br>**Дидактикалық ойын** «Менің үйім»<br>**Міндеті:** Түрлі-түсті ағаштардын бик үй құрастыру.<br>**(Құрастыру)** | **Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын**<br>**Міндеті:** Сөзді буынға бөлу, Жазу жолын, жоларалық кеністікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау.<br>**(даярлық)**<br>**«Кім жылдам»**<br>**Міндеті:** Түрлі-түсті стакандардан бик ғимарат құрастыру.<br>**(ересек)** | **«Күй күмбірі»**<br>**Міндеті:**Балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>Табиғатпен танысу<br>Табиғат неткен көрікті,<br>Жапырақтай жайқалып,<br>Гүлдей жайнап өсеміз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Билеп-билеп аламыз.<br>**(Қор орта,қор әд)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** Балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Жадынама:**<br>«Балабақша ережесі» | **Ата-аналармен әңгіме:**Балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күйі, жазғы демалысы қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту.**(Біртұтас тәрбие,сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | **Ата-анаға кеңес:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Психологтың кеңесі:** Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын** «Бұл не? Кімге керек?» **Міндеті:** Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру. **(Қоршаған ортамен танысу) (Ересек,даярлық)** | **Біз – өнерлі баламыз. Сөйлем түрлері Міндеті:** Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы, сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану. **(Сау ашу,даярлық)** | **Мен білетін жақсы сөздер. Сөз Міндеті:** Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну. Жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, тор көз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу. **(Сау ашу,даярлық) «Шаштараз» Міндеті:** Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. **(Сөй дам,ересек)** | **«Қошқар мүйіз» Міндеті:** Ұлттық ою-өрнектің суретін салу. **(Сурет салу) (Ересек,даярлық)** | **Үстел –үсті ойыны:** «Менің балабақшам» **Міндеті:** Түрлі-түсті таяқшалар көмегімен балабақшасын құрастыру. **(Құрастыру) (Ересек,даярлық)** |
| **Таңертеңгі** | 1. Ойын «Маған қарай жүгіріңдер» - бір бағытта топ болып жүру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жаттығу** | 2. Бытырап жеңіл – желпі жүгіру - торғайларға ұқсап ұшамыз<br>3. Тәрбиешінің көмегімен шеңберге тұру.<br>4. Бастапқы қалып. Қолды артқа жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. Тәрбиеші: «Сендердің колдарың қайда?»– дегенде балалар колдарын алға созып: «Міне біздің колдарымыз» - дейді. 5 – 6 рет қайталау.<br>5. Б. Қ. Бастапқы қалып. Қолды артқа жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. Тәрбиеші «Аяғымызды жасырамыз» дегенде, отырып, аяқтарын құшақтайды. «Аяқтарың қайсы»– дегенде орындарынан тұрып, бір жерде тұрып аяқтарын топылдатып – «Міне, біздің аяқтарымыз» - дейді. 5 - 6 рет қайталау. | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>**(Ересек,даярлық)** | **Еңбекке баулу**<br>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен кою.<br>**(Ересек,даярлық)** | Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, кастерлеп Торғайларға тастаңдар.<br>**(Көркем әд)**<br>**(Ересек,даяр.лық)** | «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну.<br>**(Ересек,даярлық)** | **Д/о:«**Суды қалай үнемдейміз» әңгіме.<br>**(Біртұтас тәрбие).**<br>**(Ересек,даярлық)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Не артық?»**<br>**Міндеті:** Балаларды суретке, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен үй жануарлары жайлы бейнеленген суреттер.<br>**Ойын шарты:** Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттер- | **Еңбекке баулу.**<br>Ойыншық жинауға көмектесу. **(ересек)**<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке | **«Жалпы атауын ата»**<br>**Міндеті:**<br>Заттарды таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен атау.<br>**Ойын шарты:**<br>Қалтаның ішіне салынған | **«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»**<br>**Міндеті:** Әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауызекі баулу.<br>**Ойын шарты:**суреттегі | **«Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Міндеті:**Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру.<br>**Ойын шарты:**<br>Суреттер тақтаға ілінеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ден нені артық екенін табады. Берілген суреттерді толтастырып, олардың жалпы атауын айтады. **(сөйлеуді дамыту)** **(Ересек,даярлық)** | баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүрту.**(даярлық)** | жемістер,ойыншықтар, үй жиһаздарының суреттері бар дидактикалық материалдарды таратып береді. **(Ересек,даярлық)** | киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу. **(Қорш орта)** **(Ересек,даярлық)** | Балалар өздері қалаған мамандықтарын таңдап алып, сол мамандық және оның пайдасы туралы әңгімелейді. **(Біртұтас тәрбие).** **(Қорш орта)** **(Ересек,даярлық)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту.** **Міндеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады.**(ересек)** Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады; **(Даярлық)** «Менің тобым» **Д/о: «Кім тез табады?»** **Міндеті**: Сөздегі бірінші дауысты немесе дауыссыз дыбысты белгілеп үйрету, фонематикалық естуді дамыту. **Ойынның шарты:** Тәрбиеші сөздерді айтады бірінші | **Көркем әдебиет.** **Тақырыбы**:Білімің – бұлағың (өленмен танысу) Ақылбек Шаяхметов **Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.**(ересек)** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.**(даярлық)** | **Математика негіздері.** **Міндеті:**Кеңістік туралы түсініктерді бекіту:**(ересек)** заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау. **(Даярлық)** **Міндеті:** **Қимылды ойын:**«Сол жақ па, оң жақ па?» **Ойын шарты:** Ойыншылар 2 командаға бөлініп | Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шара. «Тілім-менің тірегім» «Ана тілім-мақтанышым» **(Біртұтас тәрбие).** **Қазақ тілі. «Менің балабақшам»** **Міндеті:**Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру,Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей | **Математика негіздері** **Міндеті:**Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді танып, атай білуге үйрету:**(ересек)** Шеңбермен және тік төртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. **(даярлық)** (Балаларды жас ерекшелігіне байланысты топтарға бөлу) **Д/о:«Зат қандай** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысты дауыспен белгілеп айтады. Дауысты болса: созып, дауыссыз болса: нақты, күшпен айтылады.**(Ересек, даярлық)**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**«Дыбыс»<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**«Көрсет» ойын-жаттығуы.**<br>1. Жылан қалай ысылдайды?<br>2. Қасқыр қалай ұлиды?<br>3. Жапырақтар қалай сырдырлайды?<br>4. Жаңбыр қалай тамшылайды?<br>5. Ит қалай үреді?<br>**Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»**<br>**Ойын шарты:** Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. | Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру. Әдеби шығармалар-дағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту Балабақша қызметкер-лерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>*Қанатым талмайды*<br>*Қиялым самғайды*<br>*Ақын да,ғалым да*<br>*Ұстазсыз болмайды*<br>*Мереке күніңмен*<br>*Құттықтап бүгін мен*<br>*Ойыма ой қосам*<br>*Сен берген біліммен*<br>**(Біртұтас тәрбие).**<br>**Сауат ашу негіздері «Дыбыс пен сөз»**<br>**Міндеті:** Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс | тұрады. Белгі берілгенде екі жақ карама-карсы бағытқа карай жүреді. «Солға», «оңға» деген бағыт айтылғанда ойыншылар осы бағытқа бұрылып тоқтайды. Кім шатасса, сол ойыннан шығады, ойын одан әрі жалғасады. Қарсы топтағы ойыншыларды азайтқан топ жеңіске жетеді.<br>**Ойын шарты.**<br>Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты | **білуді дамыту.**<br>**(ересек)**<br>**Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқыныңтұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.**<br>**(Даярлық)**<br>**«Сән ательесі»**<br>**міндеті:**Балаларды суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға, тапқырлық шапшаңдыққа баулу.<br>**Көрнекіліктер:** жаңаша киімдер, ұлттық киімдер, хатқалта. | **пішіндерден тұрады?»**<br>**Міндеті:**<br>Пішіндерді қайталау, оларды ажырату, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: пішінде, үлгі сурет.<br>**Ойынның шарты:** Балаларға үлгі сурет беріледі балалар үстіне қою әдісін пайдаланып суретті құрастырады. Белгілі бір уақыттан кейін балалар көздерін жұмады. Белгіден кейін суретті өздігінен құрастыруға тырысады. **(ересек)**<br>**Д/о: «Өз өрнегің туралы айтып бер»**Әр баланың қолына ою-өрнегі бар сурет (кілемше) беріледі. Балалар өрнектердің қалай орналасқанын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: (мәәә)<br>Сиыр мөңірейді:(мууу)<br>Жылқы кісінейді:(йоо)<br>Түйе боздайды:(баа)<br>Ешкі бақырады: (мәкк)<br>**«Балабақша»**<br>**Міндеті:** балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.<br>**Көрнекіліктер:** тәрбиеші, дәрігер, аспазшы және оларға қажетті құралдар.<br>**Ойын шарты:** тәрбиеші, дәрігер, аспазшыға керекті құрал- жабдықтардың аттарын атап, толтастырады.<br>**Мысалы:** тәрбиешіге қалам, дәптер, сызғыш т.б. құралдарды атап көрсету.<br>**(Біртұтас тәрбие).**<br>**(Ересек,даярлық)**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша** | ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру. Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.<br>**Дыбыстың не екенін білесің бе?**<br>Дыбыстың не екенін білесің бе?<br>Дыбыстарға құлақты түресің бе? Бұлақтың сылдырын, қоңыраудың сыңғырын, Күннің күркірін, жаңбырдың тырсылын, Адамдардың дауысын, көліктердің дыбысын, Құстардың салған әнін де, естігеннің бәрін де «Дыбыстар» деп атаймыз. (Г. Оразбаева)<br>**«Бірінші дыбысты қайтала» Д/О:** (доппен). Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын | табасың, Артқа қарай жүрсең, машинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады.<br>**(ересек,даярлық)**<br>**Сауат ашу.**<br>**«Сөз»Міндеті:** Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.Сөздерді ң ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>- Балалар дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады?<br>Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады.<br>Педагог балаларға ыммен «отырыңдар», «сөйлемендер», «тыныштаныңдар», – деп белгі береді.<br>Сөздік жұмыс:<br>Ыммен сөйлеу – сөйлемей ишарамен | **Ойын шарты:** хатқалта салынған әр түрлі киімдердің үлгісі балаларға таратылып беріледі.<br>Балалар киімдер және ұлттық киімдердің аттарын атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады.<br>Ол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрайды.<br>Киімді неден тігетінін, оны кімдер тігетінін айтқызады.<br>«Біздің балабақша»<br>– Мынау – балабақша. (Айнаны қолымызға алып жаңа сөздерді қайталаймыз).<br>– Қ-қ-қ – бақ-ша – балабақша.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – балабақша. – Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза.<br>– Ә-ә-ә - әдемі, ң ң ң кең, қ қ қ жарық, таза. (Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды).<br>– Біздің балабақша қандай? | айтып беруі тиіс: жоғарғы оң жақ бұрышта – шеңбер, жоғарғы сол жақ бұрышта – шаршы, төменгі сол жақ бұрышта – сопақша, төменгі оң жақ бұрышта – тіктөртбұрыш, ортасында – үшбұрыш.<br>**(даярлық)**<br>**Қазақ тілі**<br>**«Балабақша бөлмелері»**<br>**Міндеті:**Тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсіндіру, қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын тану.<br>**(ересек)**<br>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған бұйымдарды талқылауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің үйім»**<br>**Міндеті:** Жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады;<br>**(Ересек)**<br>Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді **(Даярлық)**<br>(Балаларды жас ерекшеліктеріне байланысты топтарға бөлу).<br>Балалар дөңгелене отырып, көздерін жұмып өз үйін, отбасын көз алдына елестетеді. Көздерін ашып, қандай үйде тұратындықтарын айтады.Әдемі, үлкен үйдің суретін көрсете отырып:<br>Үй адамға не үшін керек? – сауалымен әңгіме жүргізіледі.<br>Дұрыс айтасыңдар. Әр адамның үйі, баспанасы болуы | анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: ааалма(а), тттиін(т), қққасқыр(қ), мммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазын(с), қққияр(қ), жұлдыз(ж), уууылдырық(у), жжжастық(ж), дддиректор(д), шшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), қққолшатыр(қ), бббақа(б), иинт(и), жжжарық(ж) т.б.<br>**(даярлық)**<br>*Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша* | түсіндіру<br>**«Кім көп сөз айтады»Міндеті**:<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді колдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**(ересек,даярлық)**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша**<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Кел, танысайық!**<br>**Алғашқы күн**<br>**«Менің тобым»**<br>**Міндеті:**<br>**Сөздік қор.**<br>**Міндеті:**<br>Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну. **(ересек)**<br>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын | – Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза. Педагог дыбыстарды дұрыс дыбыстап айтуларын қадағалайды. Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады. біздің балабақша – наш детский сад әдемі – красивый кең – просторный жарық – светлый таза – чистый.<br>**(ересек,даярлық)**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Кішкентай бағбан**<br>(әңгімелеу)<br>Мәдіхат Төрежанов<br>**Міндеті:** Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұн-дауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту.Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. | мүмкіндік беру.<br>**(даярлық)**<br>Енді бізге казір 1ші топ қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын көрсетеді,ал екінші топ зергерлік әшкейлерін көрсетеді.<br>Суретпен жұмыс:<br>-Қандай әшекейлерді көрдіңдер?<br>-Сырға жүзік ,білезік шашбау ,алқа./балалар көрген әшекейлерін айтады/ Балаларға зергерлік әшекейін таратып беремін<br>-Зергерлік әшекейлердің көлемі қандай екен?<br>-Дөңгелек -<br>Үшбұрыш –<br>Төртбұрыш<br>-Сопақша<br>-ромб<br>-Дұрыс айтасыңдар, әшекейлердің көлемі әр түрлі екен,қандай зер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керек. Үйді құрылысшылар салады. Үй салу өте үлкен еңбекпен келеді.<br>Мына үй қандай геометриялық пішіндерден құралған?<br>**Д/О: «Пішіндерді ажырат»**<br>**Ойынның шарты:** Пішіндерді жерге шашып балалар жинап, алған пішінін және түсін айтады. **(Ересек,даярлық)**<br>Үйдің суретін салады.**(Ересек)** Сюжетті сурет салады**(даярлық)** | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.<br>**(ересек)**<br>Өзінің болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсінеді; **(даярлық)**<br>**Д/о ойын: Мынау кім?"**<br>**Міндеті:** Балаларды тапқырлыққа, есте сақтау қабілетін дамытуға баулу.<br>**Ойын шарты:** отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу.<br>**(ересек)**<br>*Ән салғызып, билетін,*<br>*Ылғи бізбен жүреді.*<br>*Тақпақты да үйретін, Ойната да біледі.*<br>**«Күн тәртібін ретімен орналастыр»**<br>Мақсаты: Балабақшадағы мамандық иелеріне | сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. **(даярлық)**<br>**Дид.ойын: «Жиһаздарды ата»**<br>**Міндеті:** Тотағы жиһаздарды дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, т.б.) үйрету. Әрбір еңбекпен жасалған бұйымдарға ұқыптылықпен карауға және жиһаздары күтуге қастерлеуге тәрбиелеу.Көрнекі құралдар: Үй жиһаздарының суреттері.<br>**(ересек,даярлық)** | Бүгін Мәдихат Төрежановтың **«Кішкентай бағбан»** әңгімесін әңгімелеу.<br>**(ересек,даярлық)**<br>**Математика негіздері**<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>**(ересек)**<br>**«Біреу – көп»**<br>**Міндеті:** «бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі | төгілген екен? -Құс қанаты -құс тұмсық Қошқар мүйіз. **(Біртұтас тәрбие). (ересек,даярлық)**<br>**Қоршаған ортамен танысу.**<br>Тақырыбы:Бізді не қоршап тұр?<br>**Міндеті:** Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(ересек)**<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. **(даярлық)**<br>– Балалар, айналаға қарандаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар). Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша** | | «бір» деп айтыңдар. Егер «көп» деп айту керек болса, орындарынан тұрып «көп» деп айтыңдар. – Аспанда жұлдыздар... (Көп.) – Аспанда ай ... (Біреу.) – Адамда ана ... (Біреу.) – Мұхитта балық ... (Көп.) – Егістікте бидай ... (Көп.) – Аспанда күн … (Біреу.) **(ересек,даярлық)** **Музыка жетекшісінің жоспары бойынша** | **П/Ойын:**«Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап»–. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалактайсыңдар, ал егер ол басқа зат болса, шапалактамай, тыныш отырасыңдар. Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетеді: шар, кіржуғыш мәшине, автомобиль, жалауша, миксер, гүл, электр пеші. **(даярлық)** **Музыка жетекшісінің жоспары бойынша** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Бұлтты бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу.<br>Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату.<br>Балалармен жеке жұмыс<br>«Бұлт» Қ. Әлімқұлов<br>*Түрленді дала, бау-бақша*<br>*Құлпыра қалды тау жақта*<br>*Қара бұлтты жел қуып*<br>*Жөкеп берді аулаққа*<br>Қимылды ойындар: «Ақ қоян»,<br>«Күзгі тіршілік»<br>Балалардын өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері **(Қор орта,көр әд)** | **Жәндіктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** Күзде жылы жаққа ұшқан құстарды бақылату.<br>Еңбек: Бөлме гүлдерін суару.<br>Балалармен жеке жұмыс:<br>«Қарлығаш»<br>Қимылды ойындар: «Құс болып ұшамыз»<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері<br><br>**(Қоршаған орта)** | **Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. Еңбек: Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау.<br>Балалармен жеке жұмыс: Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтайма?»<br>Қимылды ойындар: Тақия тастамақ<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері<br>**(Қоршаған орта)** | **Құмдағы іздерді бақылау. Мақсаты:** Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру.<br>Еңбек: Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері**(Қоршаған орта)** | **Жерге түскен жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады (жапырақ) Аспай піскен, Қайнамай піскен (жеміс) Жер бетінде шашы бар Жер астында басы бар (сәбіз)<br>Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері<br>**(Қоршаған орта)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.<br><br>**(дене шынықтыру)** | «Табиғатта қандай өзгерістер болды?»<br>**Мақсаты:** Балаларға жыл мезгілдерін | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.<br>«Күзгі орман»<br>**Мақсаты:** | Достарымен ішке кіру.<br>«Менің досым»<br>**Мақсаты:** Дос туралы түсінік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналастыру.<br>«Көшедегі үйлер»<br>**Мақсаты**Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру.<br>**(Жапсыру)** | | қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру.<br>**(Қоршаған орта)** | Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.<br>**(Қоршаған орта)** | беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.<br>Тағамды асықпай жеу керек.<br>Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.<br>Мақал-мәтел:<br>Тату үйдің тамағы-тәтті.<br>Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Толағай» ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз ( 2- 4 рет) Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тізелерімізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз ( 3- 4 рет) 2.Өзімізді уқалау. Күзде күн суыды , моллас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз ( 3-4рет)<br>3.Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Арнайы жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып башпайларымызды бүгу, босату (4-5 рет) | | | | |
| **Бесін ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау** | **«Дыбыстық жаттығу»**<br>Ра-ра-ра-қозыға жақсы қара.<br>Ры-ры-ры-жинап алдым тары. | **«Пішіндерді боя»**<br>**Мақсаты:**<br>1.Түстерді тани білуге үйрету.<br>2.Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға | **«Сөз» және «дыбыс»терминдері туралы бастапқы түсініктерін пысықтау.**<br>**Міндеті:** | **«Кім жылдам»**<br>**Мақсаты:** отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру. Балалардың сөздік қорын байыту. | **Адаптивтік бағдарлама:«Оригами»**<br>**Тақырыбы:**Оригами өнері. Қағазды бүктеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы баска әрекеттер)** | Ар-ар-ар-далада қалың қар<br>Ыр-ыр-ыр-жаттап алдым жыр.**(ересек)**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.**(ересек)**<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**(даярлық)** | қызығушылықтарын арттыру.<br>Көрнекілік: Геометриялық пішіндер.<br>**Ойынның шарты:** Балаларды ұйымдастырып, оларға ақ бет қағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Тәрбиеші балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалардың міндеті сол тақтадағы түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>**(мат негіздері)** | Қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерін және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйретуді жалғастыру.<br>Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.<br>**(Сауат ашу)**<br>Еркін сурет салу, бейнелеу іс-әрекеті.<br>**(Сурет салу)**<br>**(ересек)** | **Көрнекілік:** отбасы мүшелері суреттері, балалар суреттері, киім бетперделері.<br>**Ойын шарты:** отбасы мүшелерін үлкенінен Кішісіне қарай ататып, ретімен орналастырады.<br>Балалар ат қоюдан жарысады. Өз топтарындағы балалардың аттарын жылдам атауға үйренеді.<br>Өздерінің достарын атайды. **(Сөй дам)**<br>**(ересек,даярлық)** | «Жеті атаңды білесің бе?»туыстық байланыстарды түсінеді, жеті ата туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>**(Жапсыру)**<br>**(ересек,даярлық)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Міндеті:**Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастырады. | **Міндеті:**Туыстық қарым-қатынасты, өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады. | **Міндеті:**Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастырады. | **Міндеті:**Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады. | **Міндеті:**Тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге шығамыз деген нұсқауменбалалар орындарына тұру. | Балаларды табиғатпен таныстыру. |
| **Серуен** | **«Паравоз»**<br>**Міндеті:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. | **«Ұшты - ұшты»**<br>**Міндеті:** Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. | **«Қасқырлар мен лақтар»**<br>**Міндеті:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. | **«Қаздар»**<br>**Міндеті:** Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және каздардың тіршілігімен таныстыру | **«Төбеде доп қуу»**<br>**Міндеті:** Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу |
| **Серуеннен оралу** | **«Тазалық» өлеңі.**<br>Мақсаты: Тақпақты мазмұндап, мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап береді.<br>Сырттан келіп үнемі.<br>Сабынмен қол жуамыз.<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>Шарты: барлық бала өлеңді мәнерлеп, өлеңнің мазмұнына сай сұрақтарға жауап береді. (көркем әдебиет | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Ерханның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» Жадынама |

**Әдіскер:-------------------------**